

Солтүстік Атлантикалық Келісім Ұйымы

*Орындаған: Рахымбаева Д.
3Э-16 топ*

Жоспар:

Кіріспе:

- Солтүстік Атлантикалық Келісім
Ұйымы

Негізгі бөлім:

-Мүше мемлекеттер

-Құрылу себептері

-Солтүстік Атлантикалық Келісім

Ұйымы - Қазақстан

Қорытынды

*Солтүстік атлантикалық келісім ұйымы, **НАТО** (ағыл. - North Atlantic Treaty Organization, NATO; фр. Organisation du traité de l'Atlantique Nord, OTAN) - әскери-саяси одақ.*

1949 жылы 4 сәуірде 12 мемлекет (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Бельгия, Нидерланд, Люксембург, Канада, Италия, Португалия, Норвегия, Дания, Исландия) қол қойған Солтүстік Атлантикалық келісімшарты негізінде құрылған.

НАТО/СЕАП

Қазақстан Республикасы және НАТО арасындағы ынтымақтастық 1992 жылы біздің елімізге 1997 жылы Еуроатлантикалық әріптестік кеңесіне (ЕАӘК) болып қайта құрған, Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесіне кіруімізден басталады. ЕАӘК Қазақстанға НАТО-ға қатысушы мемлекеттерімен және еуразиялық әріптестік мемлекеттерімен халықаралық қауіпсіздіктің ең өзекті мәселелері жөніндегі нәтижелі сұхбатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының ЕАӘК-ның жыл сайынғы Сыртқы істер және қорғаныс министрлерінің кеңесіне қатысуы ынтымақтастықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан және НАТО

- Солтүстік Атлантикалық келісім Ұйымы – 16 еуропалық мемлекеттер мен Түркия, АҚШ, Канаданың әскери-саяси одағы.
- Одақты құру туралы келісімге 1949 ж 4.04 Вашингтонда қол қойылды, 1949 ж.24.08. күшіне енді.
- Қарулы күштерінің жалпы саны (Франция мен Исландия әскери ұйымға кірмейді) 3648 мың адам.
- **Штаб-пәтері Брюссельде.**
- **Ресми тілдері-ағылшын және француз.**
- 1994 ж. “Серіктестік бейбітшілік үшін” бағдарламасы қабылданып, оған НАТО елдерінен басқа ТМД, орталық және шығыс Еуропаның 27 елі қатысты.

Саяси сұхбатты және әскери ынтымақтастықты
тереңдету мақсатында 1994 жылы 27 маусымда
Қазақстан «Бейбітшілік үшін әріптестік» (БҮӘ) атты
бағдарламасына қосылған болатын.

1994 жылдың қаңтар айында қауіпсіздікті және
тұрақтылықты нығайту, НАТО және әрбір қатысушы
мемлекеттердің арасындағы нақты әріптестікке қол
жеткізуді мақсат ететін НАТО ұсынған «Бейбітшілік
үшін әріптестік» бағдарламасы кең ауқымды
бастамашылық болып табылады.

Бұл бағдарлама өте маңызды және қазіргі қауіпсіздікті
құрудың ажырамас бөлігі болды.

НАТО мүшелері




2005 жылдың наурыз және қазан айларында, 2006 жылдың шілде және қыркүйек айларында, 2007 жылдың ақпан, мамыр және қазан айларында, 2008 жылдың сәуір айында НАТО Бас хатшысының Орта Азиядағы және Кавказдағы Арнайы өкілі Р.Симмонстың ресми сапарлары болды. 2008 жылдың 9-12 маусымда НАТО-ның Парламенттік ассамблеясының (НАТО ПА) Президенті Ж.Лелло Қазақстанға алғашқы ресми сапары болды. 2008 жылғы 11 қыркүйекте ҚР Қорғаныс министрі Д.Ахметовтың шақыруымен НАТО Бас хатшысының орынбасары Клаудио Бисоньероның Қазақстанға алғашқы сапары өтті. 2008 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі Д.Әхметов басқарған қазақстан делегациясы Бухарестте өткен НАТО/СЕАП саммитіне қатысты. 2008 жылғы шілде айында Президент Н.Назарбаевтың бастамасымен Солтүстік Атлантикалық Кеңес келесі СЕАП Қауіпсіздік форумын (Сыртқы істер министрлер деңгейіндегі бейресми кездесу) Қазақстанда 2009 жылғы 24-25 маусым кезеңінде өткізу туралы шешім қабылдады. Қауіпсіздік форумы Саммиттен кейінгі НАТО-ның ең үлкен іс-шарасы.



2004 ЖЫЛДЫҢ
ҚАЗАН АЙЫНДА
АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНДА
ЖӘНЕ 2006
ЖЫЛДЫҢ
ЖЕЛТОҚСАН
АЙЫНДА
БРЮССЕЛЬ
ҚАЛАСЫНДА ҚР
ПРЕЗИДЕНТІ Н.
НАЗАРБАЕВТЫҢ
НАТО-НЫҢ БАС
ХАТШЫСЫ ЯП ДЕ
ХОП
СХЕФФЕРМЕН
БОЛҒАН КЕЗДЕСТІ

Альянспен сұхбатты нығайту үдерісіндегі маңызды оқиға Қазақстан Республикасы Парламентінің НАТО-ның Парламенттік Ассамблеясындағы (НАТО ПА) бақылаушы мәртебесін алуы болып табылады. Тиісті шешімді ҚР Парламентінің қос палатасының төрағалары жасаған өтініштерінен кейін 2004 жылғы 15 қарашада Парламенттік Ассамблеясының Тұрақты комитеті мәжілісінде қабылдаған болатын.





Қазақстан НАТО-ның Білім жөніндегі комитетінің барлық шағын бағдарламаларына қатысады. Бірлескен жобалар, ең әуелі, Семейдің, Арал теңізінің, ядролық қаруды таратпау режимін нығайту және биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне бағытталған.

- «Бейбітшілік үшін әріптестік» бағдарламасының шеңберінде төтенше азаматтық жоспарлаудың саласындағы ынтымақтастық дамуда. НАТО-ның әріптестері мен қатысушылары мамандандырылған құрылымдарының төтенше жағдайларды алдын алу және жоюдың ұлттық жүйесін жетілдіру, өртпен күресу, техногендік және табиғи апаттардың салдарын жою, азаматтық қорғаныс, босқындармен жұмыс істеу саласындағы тәжірибелері ерекше қызығушылық тудырады.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

БЛАГОДАРЮ ЗА ВНИМАНИЕ!

